



ТУРАН-КАЗАЛЫ

№91
(2262)
Сәрсені
13 қараша
2024 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады

Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ ТӨРАҒАСЫ АУДАНҒА ІС-САПАРМЕН КЕЛДІ



Облыстық мәслихаттың төрағасы Мұрат Тілеуімбетов жұмыс сапарымен Қазалы ауданына келіп, аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет, аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әліш, облыстық мәслихаттың депутаты Нұрлан Имандосов және аудандық мәслихаттың депутаты, «AMANAT» партиясы аудандық филиалының партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Әділбек Сарабековпен бірге құрылыс нысандары мен абаттандыру жұмыстарымен танысты.

Мұрат Тілеуімбетов алдымен құрылыс жұмыстары толықтай аяқталған «Кәукей» аулындағы 100 орындық клубты көрді.

Облыстық мәслихаттың төрағасы құрылыс сапасына аса мән беру қажеттігін ай-

тып, ауылдық клубтың құрылыс жұмыстарында орын алған кемшіліктерді мердігер мекемеге шұғыл жөндеп, сапалы етіп аяқтауды тапсырды.

Мұнан соң Мұрат Тілеуімбетов аудан орталығы – Әйтеке би кентіндегі орталық алаң мен «Жеңіс» саябағына барып, абаттандыру жұмыстарымен танысты. Абаттандыру жұмыстары мен алда атқарылатын жұмыстардың жобасын аудан басшысы облыстық мәслихаттың төрағасына таныстырды.

Алдағы уақытта жоспарға сәйкес Әйтеке би кентіндегі Орталық алаң мен «Жеңіс» саябағы қайта жаңғырып, онда ойын және спорт алаңдары, бассейн, түрлі демалыс орындары, кәсіпкерлік нысандар және басқа да бірқатар нысандардың құрылысы жүргізілмек.

ҚАЗАЛЫ АУДАНЫНДА «НАШАҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ БІР АЙЛЫҚ АКЦИЯСЫ» ІС-ШАРАСЫ ӨТКІЗІЛУДЕ



Үстіміздегі жылдың 31 қазан күні Қызылорда қаласында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев пен облыс прокуроры Ризабек Ожаровтың қатысуымен «Нашақорлыққа жол жоқ» тақырыбында үйлестіру кеңесінің кеңейтілген отырысы өткізілген болатын.

Кеңейтілген отырыста нашақорлықтың алдын-алу бағытында облыс көлемінде атқарылатын іс-шаралар айқындалып, құзырлы органдарға нақты тапсырмалар жүктелді.

Жиында айтылған тапсырмаларды үйлестіру мақсатында ауданда «Нашақорлыққа қарсы бір айлық акциясы» іс-шарасы басталды.

Осыған орай аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбеттің төрағалығымен арнайы мәжіліс өтті. Жиынға аудан прокуроры Дарын Әбіш пен аудандағы құқық қорғау органдарының басшылары, аудан әкімдігіне қарасты барлық дербес бөлім басшылары, кент, қала және ауылдық округтердің әкімдері мен үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері қатысты.

Басқосуда аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет

нашақорлыққа қарсы акция аясында есірткінің таралуымен күресіп, аудан көлемінде оны жою, есірткіге тәуелді адамдардың санын азайту, сондай-ақ есірткі тұтынушыларды медициналық-әлеуметтік оңалтумен қамту бағытында бірлесе жұмыс істеу керектігін жеткізді. Сондай-ақ бұл акция аудан көлемінде тек бір ай ғана емес жыл көлемінде жүргізілуі қажеттігін айтты. Осыған орай тиісті бөлім басшыларына бірқатар тапсырмалар жүктелді.

Мәжілісте аудан прокуроры Дарын Әбіш бұл бағыттағы бірлесіп атқарылатын іс-шаралар жоспарын жиынға қатысушыларға таныстырып, «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей қоғам дертіне айналған нашақорлықпен күресудегі жұмыстарды бірлесіп, белсенділікпен атқаруға шақырды.

Жиынға қатысушылар қоғам дертіне айналған есірткінің алдын алуда көтерілген бастаманы қолдап, есірткінің заңсыз айналымын түбегейлі жою мақсатында бірлесе жұмыстар атқаратындықтарын жеткізді.

●Баспасөз - 2025

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ ЖҮЙЕСІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ МАРАПАТ ТӨРІНДЕ

Елімізде әлеуметтік қолдауға мұқтаж жандардың жанынан табылып, әркез көмек қолын созатын мамандық иелері – әлеуметтік қорғау жүйесі қызметкерлері. Жыл сайын елімізде қазан айының соңғы жексенбісінде сала мамандарының кәсіби мерекесі аталып өтіледі.

Әйтеке би кентіндегі Р.Бағланова атындағы аудандық мәдениет орталығында өткен мерекелік шарада аудан әкімінің орынбасары Болат Жолтаев сала қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтап, құрмет көрсетті.

- Әлеуметтік қорғау жүйесі - үлкен жауапкершілік, кәсіби біліктілікпен қатар адами қасиеттерді талап ететін салмағы ауыр сала. Сіздер күн сайын зейнеткерлерге, қамқөңіл жандарға, көп

балалы отбасыларға, табысы аз азаматтарға көмек қолын созып келесіздер. Сіздердің еңбектеріңіздің арқасында қиын жағдайларға душар болған азаматтар қажетті қолдау алып, еңсесін тіктеуде, - деді аудан әкімінің орынбасары.

Мерекелік шарада бірқатар сала қызметкерлері облыс, аудан әкімінің және облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының «Алғыс хаттарымен» марапатталды.

Әлеуметтік сала қызметкерлерінің мерейін үстем еткен көңілді кеште аудан өнерпаздары әсем әннен шашу шашып, жиналғандарға мерекелік көңіл-күй сыйлады.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

2025 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА БАСПАСӨЗГЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

Құрметті газет оқырмандары!

Аймақтық «Тұран-Қазалы» газетіне 2025 жылдың бірінші жарты жылдығына жазылу жүріп жатырғанын хабарлаймыз.

Аймақтық газет республикадағы ең арзан басылым екенін назарларыңызға саламыз. Газетке жазылу бағасы жеке адамдар үшін 6 айға -1130 теңге, мекемелер мен кәсіпорындары үшін 6 айға -2260 теңге.

Жеке тұрғындардың «Тұран-Қазалы» ЖШС-нің бухгалтериясына келіп жазылуына болады.

Аймақта болып жатқан жаңалықтарды білгіңіз келсе, өңірдің тыныс-тіршілігімен танысқыңыз келсе, әр саладағы атқарылып жатқан жағымды істерден хабардар болғыңыз келсе біздің газетке жазылыңыз.

Аймақтық «Тұран-Қазалы» газетінің редакциясы

ЕЛ БІРЛІГІН ОЙЛАҒАН ЖАНҚОЖА БАТЫР

Асан Айбосын аулы жазшығабере Қотанкөлдің бойын жайлайтын. Оған дейін Қазалының төменгі жағындағы көлі қопалы, ықпанасы мол қалың нудың ішінде қыстап шығатын. Бұл ара малға жайлы, әсіресе, небір ақбасқынның кезінде қырдаңысырып қарлыборан соққанда уақжандық сол қалың қопалықтың ішіне кіріп кетіп жан сақтайтын. Ал жазға қарай малшы ауыл маса-сонасы аз, салқын сабатты Қотанкөлдің жағасына барып, ақшаңқан үйлерді тігіп, қымыз ішіп, алты ай жаздың қызығын көретін. Тек, соңғы бір-екі жыл көлемінде Айбосынның аулы Қотанкөлге бара алмады. Жаздай Бабажан бекке жалтақтаймын деп Айбосын сардарлығын міндет қылып, аулын онша алысқа ұзатып көшірмейтін.

Хиуадағы тірегі құлап, Бекарыстан бидің тілегі бойынша қалың Асанға айыбын төлеп болған соң назары Қотанкөл жағына ауды да тұрды. Ана бір жолы бір жігітін Қотанкөлге жіберіп, ау-жайын байқап еді. Шыңғыстан тарайтын қалың Жақайым көлді иемденіп алғандай сыңайда екен. Олар балығы таудай тулаған көлге қармақ, ау салып, әбден қарық болып жүрген көрінеді. Сол мұның қытығына тиді. Бір күні ешкіммен ақылдаспастан, үйлерін тез-тез жықтырды да, Қотанкөлге қарай көшті. Қазалының маңынан ұзап, қырға шығысымен ауа қоңыр салқын тартып сала берді. Айбосын қасындағы жігіттерімен көштен біраз озып алда жүріп отырды. Араға бір қонып, ертеңіне түске таман Қотанкөлге жетіп, еріксіз тоқтады. Өз көзіне өзі сенбей, қолымен көзін көлегейлеп қараса көлдің жағасы қаптаған адам. Көлдің беті толған қайық. Бәрі де Қотанкөлді ата-бабасының қонысы секілді көріп еркін жүр. Бұл Айбосынның жынын келтірді. Қасында келе жатқан Асан Әйімбетке қарап:

-Апырмай мұндайда болады екен-ау! – деді.

-Шынында да... Қотанкөлді иемденіп алғаннан сау ма? – деді Әйімбет. -Ойбай - ау, ол біздің ата қонысымыз емес пе еді?

-Жақайымдар соны білмейтін бе еді?

-Қой, бұған көнетін жағдай жоқ, – деді тік мінездеу Әйімбет бірден түнеріп.

-Сонда... көнбегенде не істейсің?

-Не істейтіні бар, барып, әйдә, қайқай дейміз.

-Ендеше сөйтеік! – деді де Айбосын атына қамшы



салды.

Олар келгенде Жақайымдар қаннен – қаперсіз өз шаруасымен айналысып жатыр еді. Айбосын түгін бетіне шашып, келе бір сылыңғыр жігітке:

-Әй, сендердің бұларың не? Бұл менің көлім емес пе еді? Соны ұмытып қалдыңдар ма? – деді.

Ана жігіт бұдан ыға қоймады. Бұрын сардар болып жүргенде, бұдан бәрі де именетін. Енді мұның бетіне тура қарайды.

-Әбеке, көлді жаратқан бір Құдай. Оны иемденетіндей немене құдаймысың? – деді.

Айбосын күйіп кетті. Қамшысын сығымдай ұстап:

-Әй, көргенсіз, жап аузыңды! – деді.

-Жаппағанда қайтесің? – деді сылыңғыр жігіт.

-Ой әкеңнің аузын... Мә, саған қырсыққан! – деп Айбосын шыдамай, оны қыр арқадан қамшымен тартып-тартып жіберді. Жігіт басын қорғаштап үлгере алмады. Әйтседе әлгі жігіт қада ағашпен Айбосынның тізесінен бір қойды. Айбосынның астындағы ат үркіп жалт берді. Осы кезде шалт қимылдаған Әйімбет шоқпармен шекесінен ұрып үлгерді. Осы сәтте жыртық жаппадан жардай қара кемпір жүгіре шығып, бар дауысымен бақырып:

-Ойбай, ойбай! Қырды! Өлтірді! Қайдасыңдар, ойбай! – деп ауылды басына көшірді.

Бұл жерді қоныстап отырғандар Жақайымның Торжымбайлары еді. Бұлар шеттерінен кілең ұр да жық, ақи болатын. Мына айқайды естіген бойда әпербақан жігіттер жаппадан сыртқа жүгіре-жүгіре шықты. Қолдарына іліккен сойыл, таяқтарын ала сала ұмтылды. Барлығы төбелеске араласып кетті. Асандардың жігіттері

шеттерінен қарулы болатын. Араларында бір-екі найза ұстағандары да бар. Найзамен бір-екі

жігітті түйреп түсіргесін, бәрін қыратындай көрген Торжымбайлар сескеніп қалды.

-Бүйтіп төбелескеннен ештеңе бітпес, әуелі билердің алдынан өтейік. Оған көнбесе, ауылдарын тоз-тоз етіп шабатынымыз тұр ғой, – деді Айбосын Әйімбетке қарап. Ол да мақұлдағандай болды.

Олар көшті бір төбенің астына тоқтатып, түйелерін шөгеріп, қараша үйлерін тіктірді.

Торжымбайлардың батыры саналып жүрген Толыбай мына хабарды естіген соң, оншақты жігітті жан-жаққа ат шаптырып жіберіп, өзі Қотанкөлге келді. Жақайымдар сол күні жан-жақтан ағылып келе бастады. Көлдің жағасы халыққа толды да кетті.

Асан Айбосын мұның арты мынадай ушығып кетеді деп ойламап еді. Жақайымдардың жиналып жатқандарын көріп, Сырда жатқан Асандарға шабарман жіберді. Қарамы бес жүздегі жігіт сойылдарымен жетті. Екі жақ бір-бірімен хабарласып келісімге келе алмай ертеңіне шайқасуға әзірленді.

Раманқұл Бекарыстан бидің күйеу баласы қырдағы Тойбазарға адам жіберіп, би жіберді деп Жанқожаға хабар жеткізеді.

Қотанкөлдің басына мыңға жуық қол жинаған Торжымбайлар мен Асандар айқасқа кірісе алмай, бір-бірін аңдысып, ырғасып Жанқожа батырдың келуін күтіп жел шайқаған толқындай болып жатты.

Жанқожа батыр Ырғызға бір шаруасымен кеткен еді. Түнделетіп ауылына жетіп, шаршап ұйықтап кеткен екен, күн арқан бойы көтерілгенде ояңды. Таң намазы қаза болғанына өкініп, дәретін алып, сәждеге бас қойды,

дұға етті. Шәйді ішіп бола бергенде қасында бір-екі жігіті бар Тойбазар кіріп келді де елдегі жағдайды жеткізді.

Қыр мен Қотанкөлдің арасына екі қонып жетті. Көлдің екі жағына Асандар мен Торжымбайлар шеп құрып орналасыпты. Баяғы жаугершілік қайта туғандай. Батырдың түсі сұрланып сала берді. Екі рулы ел мұның келуін асыға күтіп отыр екен. Тездетіп аттан түсіріп, алты қанат ақ боз үйге алып келді. Тамақ ішіліп болған соң, дау басталды. Жанқожа батыр дауысын қаттырақ шығарып:

-Ал, ағайын, бүгінгі күні бір-бірлеріңе өкпелеп, беті қатты шаруаға кірісіп кеткен екенсіңдер. Не өкпелерің бар, соның бәрін қалдырмай айтыңдар, – деді.

А й б о с ы н Торжымбайларға қарап:

-Уа, ағайын, Жаманақ дейтін шалдан тараған үш баланың бірі біз едік, бірі сендер едіңдер. Өткен жылдары қарындарың ашып келгенде, мына Қотанкөлдің ен жатқан балығын аулап, балашағаларыңның ауыздарына ас салыңдар деп келісім берген едік. Соның арқасында тіршіліктерің жақсарған күйге жеттіңдер. Содан бері біраз жыл өтті. Мен сонда көп мал сұраппа едім? Сұраған жоқпын. Ау, бүгінгі күні ата-баба қонысына келсем, сендер бермеймін дейсіңдер. Сонда бұл қай әділеттікке жатады. Сендер жақсылықты білмейді екенсіңдер. Берсеңдер жолыңнан, бермесең – қолыңнан. Көл менікі, оған ешкімнің дауы жоқ! Айттым бітті!

Жанқожа батыр енді Торжымбайларға бұрылып:

-Ал, енді сендер бұған не дейсіңдер? – деді.

Ортаға Торжымбай руының биі боп жүрген Адырбек шықты:

-Уа, Асан! Алысым емес, жақынымсың! Жатым емес, туысымсың! Саған да айтар өкпем бар. Рас баяғыда қиыншылық көргенде бізге көлдің балығын аулаттыңдар. Бірақ ойласаңдар ол құдайдың жаратқан қазынасы емес пе? Сендер соны немене жылқыларды алдымызға айдап әкеп бергендей көресіңдер ме? Ау, біз балығын ауладық, еңбек еттік. Маңдай тер адал еңбек. Құдайдың қазынасын бергенім деп білесіңдер ме? Оның есесіне жыл сайын алым-салым жинап пайдаға шаш етекпен батпаппа едіңдер. Ол аздай аулаған балығымыздың жартысын алдыңдар. Оның үстіне біз

диқан елміз, тары, арпа ексек одан да үлестеріңді бердік.

Оның бәрін есептегенде мына Қотанкөлдің жағасының құны бітіп те қалды. Бұл жерге біздің де таласымыз бар. Сен тұрған жерге біз де тұрамыз. Көлді егалауға біздің де хақымыз бар, – деді.

Торжымбай жағы:

-Би дұрыс айтады, көл біздікі!

Енді Асандар жағы да қызып шыға келді:

-Сендер өйтіп сандалмаңдар. Көл қашанда Асандікі.

-Ау, ағайындар, орталарыңа мені дауымызды шешіп бер деп шақырған екенсіңдер. Енді менің билігімді тыңдандар:

-Мына көл Асандікі де, Торжымбайдікі де емес. Бұл көлдің егасы Алты Әлім, соның ішінде Жаманақ атамыз. Ау, сол атамыздан Шыңғыс, Өріс, Баубек, Шыңғыс ағамыздан Жақайым, одан Ақбура, Тоқбура, Ағыс, Көгіс, киімді екі бала Назарша мен Бида тарамайтын ба еді? Одан өрген Торжымбай Жақайым сендерсіңдер, ал Шыңғыстың інісі Есенәліден Палуан, Кішкене, сол Кішкенеден Жиеней, Жолшара, Асан, Үсен, Құрманай, Құттық мыналар емес пе? Қарап отырсаңдар құдай айырмаса, адам айырмайтын туыссыңдар. Енді келіп құдайдың кең жатқан қазынасына бір сүйектің екі басына жармасқан иттей ырылдайсыңдар. Мен сендердің екі жағыңды да қош көрмеймін. Кішкененің баласы екен деп мына Асандарға да іш тартпаймын. Көлге Жаманақтан тараған балаларының қайсысы болсын таласуға қақы бар. Ата дәулеті балаларға ортақ деп бұрынғылар айтқан. Тек соны рет-ретімен жөнімен бөліп ал. Аға баласы Жақайымдардың аулына келіп, қамшы үйрген Асан, сендердікі тентектік! Сол үшін ат-шапан айыбыңды төлейсіңдер. Ал інінің еркегің көтермеген аға баласы Торжымбайлар бірден қол жинап елді дүрліктіргендерің жарамайды. Ол үшін Алты Әлімнің алдында ғафу өтінесіңдер. Менің билігім былай: көлдің батыс жағын Торжымбай сен, Шығыс жағын, Асан сен иелен! Бәтуа осы болсын! Көнекей, бата қылайық! – деп Жанқожа қолын жая берді. Қасында отырған Қосым Қожа немересі бата қылды. Екі жақ ырза болып Жанқожаға – мың жаса! – десті.

Дайындаған:
Серік БАЙМЕН,
ардагер-ұстаз

ӘЛЕУМЕТТІК КӘСІПКЕРЛІК СУБЪЕКТІЛЕР ҚАТАРЫ КӨБЕЮДЕ



«Гауһар Тас - 2» балабақшасы» ЖШС

Әлеуметтік кәсіпкерлік (ӘК) — қоғам мәселелерін шешумен немесе оның салдарын азайтумен айналысатын бизнес түрі болып табылады. Оның табысы кәсіпті көтеруге және халықтың әлеуметтік осал топтарының күнкөріс сапасын жақсартуға бағытталады.

Әлеуметтік кәсіпкер қоғамға пайда әкелуді мақсат етіп, тапқан табысын бизнесті дамытуға және әлеуметтік мәселелерді шешуге жұмсайды.

Әлеуметтік кәсіпкер көптеген бағыттарды қамтиды, мүмкіндіктері шектелген адамдарды жұмысқа тұрғызу, қоршаған ортаны қорғау, инклюзивті білім беру және тағы басқа.

Әлеуметтік кәсіпкер болу үшін жеке кәсіпкер, жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, қоғамдық бірлестіктер де төрт санаттың бірін таңдап, бір жыл әлеуметтік жоба ретінде жұмыс істеп, тапқан табыс мөлшерін көрсетіп, әлеуметтік кәсіпкерлер тізіліміне кіруге арналған құжаттарды жинақтап, өтініш беруі қажет.

Өтініш беру үшін бизнесіңіз тіркелу күнінен бастап кемінде бір жыл жұмыс істеуі керек. Өтініштер тоқсанына бір рет, яғни 1 наурыздан 15 наурызға дейін, 1 маусымнан 15 маусымға дейін, 1 қыркүйектен 15 қыркүйекке дейін және 1 желтоқсаннан 15 желтоқсанға дейінгі мерзімдерде

қабылданады. Өтінішті қабылдау мерзімдерін Қызылорда облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы белгілейді.

Әлеуметтік кәсіпкерлік санаттары:

1 – санаты: жұмысқа халықтың әлеуметтік осал топтарынан (бұдан әрі - ХӨТ)- жұмыскер алу. Ондай жұмыскерлердің үлесі жұмыскерлердің жалпы үлесінің 50 пайызын құрауы тиіс, ал еңбекақы қоры табыстың 25 пайызынан тұруға тиіс.

2 – санаты: ХӨТ жасап шығарған тауарлар мен қызметтерді сату. Онда сауданың табысы жалпы табыстың 50 пайызынан кем болмауға тиіс.

3 – санаты: ХӨТ-ға арналған тауар шығару,



«Азиза «Дента» стоматологиялық кабинеті» ЖШС

жұмыс істеу немесе қызмет көрсету, медицина қызметтерін көрсету, протез жасау, демалыс және денсаулық шараларын ұйымдастыру және тағы басқа. Ондай қызметтің табысы жалпы табыстың 50 пайызынан кем болмауға тиіс.

4 – санаты: қоғамдық пайдалы бағыттарда жұмыс істеу, әлеуметтік жұмыскерлер мен волонтерларды оқыту, ХӨТ-на жататын қарттарға көмек көрсету, мектептерде бала суицидін немесе ЖҚТБ/АҚТҚ тақырыптарында білім беру лекцияларын өткізу.

Бүгінгі таңда, ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 2023 жылғы 17 шілдедегі №140 бұйрығымен бекітілген әлеуметтік кәсіпкерлік

субъектілерінің тізілімін жүргізу қағидасына сәйкес, ағымдағы жылдың 18 қыркүйегінде өткізілген дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларды әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне қосуға 1-ші санатпен 3 субъекті тұжырымдалды.

1. «Кузенебаева Зинегул» жеке кәсіпкерлігі – Құмжиік ауылдық округі;
2. «Гауһар Тас - 2» балабақшасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі – Әйтеке би кенті;

3. «Азиза «Дента» стоматологиялық кабинеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі – Әйтеке би кенті.

Қазалы ауданының кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі

САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ БЕРУ ТӘРТІБІ

«Эпидемиялық мәні жоғары объектінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қортынды беру» мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде (бұдан әрі – объектілерге мемлекеттік қызметтің қызметі) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті және оның аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) «электрондық үкімет» www.egov.kz, www.elicense.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы көрсетеді.

Қызметті көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұнын мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес «Эпидемиялық

мәні жоғары объектінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қортынды беру» мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде (бұдан әрі – объектілерге мемлекеттік қызметтің қызметі) келтірілген.

Санитариялық-эпидемиологиялық қортынды беру және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауға жататын өтініш портал арқылы жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы өтінішті келіп түскен күні тіркейді. Жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде еңбек заңнамасына сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты бөлімшесінің объектілерге көрсетілетін қызмет стандарттың 8-тармағында көрсетілген құжаттарды тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат деректері туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші «электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушы толық емес құжаттар топтамасын және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда жауапты құрылымдық бөлімшенің қызметкері көрсетілген мерзімде өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды.

Көрсетілетін қызметті

беруші басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қойылған өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тарту көрсетілетін қызметті алушыға электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері 4 (төрт) жұмыс күнде объектіге мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық нормалау жүйесі құжаттарының талаптарына сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады. Оның нәтижелері бойынша 1 (бір) жұмыс күні ішінде осы қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша объектіні санитариялық-эпидемиологиялық тексеру актісі ресімделеді.

Ранайкүл САХАНОВА,
Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС – БҮКІЛ ҚОҒАМДЫҚ МӘСЕЛЕ

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған күннен бастап жүйелі және мақсатты түрде сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын жүзеге асырып келеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негіздері «Қазақстан-2050» Стратегиясында, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі дамудың Стратегиялық жоспарында көрініс тапты.

"Майдакөл" ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу мақсатында профилактикалық шараларды жүзеге асырып келеді.

Аппараттың 2024 жылға арналған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі іс-шаралар жоспары» бекітілді. 2023 жылдың қортындысымен сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Жыл басынан бері заң талаптарын түсіндіру мақсатында құқықтық оқулар өткізіліп келеді. Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінде көзделген сыбайлас жемқорлық сипатындағы қылмыстар үшін жазалар және Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі мемлекеттік қызметкерлерге таныстырылды.

Мекеме қызметкерлері мен олардың ерлі-

зайыптыларының кірістері мен мүліктері туралы декларация белгіленген мерзімде тапсырылды.

Аппарат қызметкерлері тарапынан әкімшілік немесе қылмыстық құқық бұзушылықтар, мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтар, Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексінің нормаларын бұзып тәртіптік жауапкершілікке тартылғандар болған жоқ.

Бекітілген қабылдау кестесіне сәйкес, жеке және заңды тұлғалардың өкілдерімен жеке қабылдау апта сайын тұрақты жүргізіліп келеді. «Сенім телефоны» 28-2-40.

Бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде жарияланған материалдардың қоғамдық резонанс қалыптастыруының алдын-алу мақсатында интернет ресурстармен жұмыс істеуге жауапты маман бекітілді. Фейсбук әлеуметтік желісінде арнайы парақша жұмыс істейді. Әлеуметтік желіге атқарылған жұмыстар туралы ақпараттар салынуда.

Алдағы уақытта да Қазақстан Республикасының заңдылықтарының толық сақталуын қамтамасыз ету мақсатында жұмыстар жүргізілетін болады.

Қонысбек ҚҰРМАНБАЕВ,
«Майдакөл» ауылдық округінің әкімі

АРХИВТІК ҚҰЖАТТАРДЫ ЦИФРЛЫҚ ФОРМАТҚА ЕНГІЗУ

2017 жылғы 12 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Үкіметінің №827 қаулысымен «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы бекітілді.

Бағдарламаның негізгі мақсаты – орта мерзімді перспективада цифрлы технологияларды пайдалану арқылы республика экономикасының даму қарқынын жеделдету және халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, сондай-ақ ұзақ мерзімді перспективада болашақтың цифрлы экономикасын құруды қамтамасыз ететін түбегейлі жаңа даму жолына көшіру үшін жағдай жасау. Техника қарыштап дамыған заманда архив саласы да қарқынмен дамып келеді.

«Қызылорда облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Қазалы аудандық архиві» филиалында архивтік құжаттарды цифрландыру 2013 жылдан бастап қолға алынды. Ол үшін арнайы штат ашылып ақпараттық технологиялар бойынша инспектор маманы жұмысқа алынды.

Архив қорында сақталған құжаттар – тарихтың қайнар бұлағы, тарихи сананы жаңғыртуда бұл құжаттардың алатын орны зор. Архивтік құжаттарды цифрландырудағы түпкі мақсаты құжаттардың түпнұсқаларын бүлдірмей, сол қалпында сақтау. Өйткені архивтік құжаттарды сақтау және пайдалану барысында құжаттардың тозуы, мәтінінің

жойылуы жиі кездеседі. Ақпараттың көптігінен қажетті құжатты қағаз жүзінде іздеп табу көп уақытты алады. Осы мәселелерді шешудің ең тиімді тәсілі – құжаттарды цифрлық форматқа көшіру және электронды архив құру.

Құжаттарды цифрлық форматқа өткізу үшін арнайы жылдамдығы жоғары сканер аппараттары да алынған. Қазіргі уақытта аудандық архив жылдамдығы жоғары А4 форматында Epson WorkForce DS-860 және А3 форматында Canon imageFORMULA DR-M1060 маркалы сканерлермен жабдықталған. Жоспар бойынша бұл сканерлердің көмегімен күніне 650 парақ, жылына 141250 парақ өткізілуде.

Осы уақытқа дейін аудандық архивтегі 140 қордың 36 қорынан 17000-нан астам сақтау бірлігі, оның 1198000 парағы цифрлық форматқа өткізілді.

Бүгінде еліміздің барлық архивтерінде мемлекеттік сақтаудағы құжаттар цифрлық форматқа көшірілуде. Цифрландырудың архив саласында уақыт үнемдеуге, құжаттарды сақтауға, сұраным берушілерге қолжетімділікті арттыруда тигізетін пайдасы зор.

Қайрат ТОРЖЫМБАЕВ,
"Қызылорда облысының мемлекеттік архиві"
кмм -нің «Қазалы аудандық архиві» филиалының ақпараттық технологиялар жөніндегі инспекторы

● Маманның кеңесі

ТҰМАУДАН САҚТАНАЙЫҚ

Жедел респираторлық вирусты жұқпалар мен тұмау – жоғарғы тыныс жолдарының жұқпалы жедел вирустық ауруы..

Тұмау жұқпасының таратушы көзі-науқас адам. Тұмау вирустары адамның тыныс жолдарында, мұрын қуысында, өңешінде өсіп-өніп көбейеді. Қоздырғыштар ауа арқылы тез тарайды, науқас адамнан сау адамға жөтелгенде, түшкіргенде, сөйлескенде, сонымен қатар науқас адамның пайдаланған заттары (ыдысы, сүлгісі, қол орамалы, кітабы, есік тұтқасы және тағы басқа) арқылы жұғады.

Аурудың жасырын кезеңі өте қысқа. Вирус ағзаға түскен кезден бастап, аурудың алғашқы белгілері білінгенге дейін 24-48 сағат қана өтеді. Тұмау басталғаннан кейін 3-4 тәулік ішінде аса қауіпті әрі жұқпалы болады. Сондықтан ауырған

адамның үйде жатып емделгені, не дәрігерді үйге шақырғаны дұрыс.

Тұмаудың негізгі белгілері: ауру шұғыл басталады, дене қызуы 39 градусқа және одан да жоғары көтеріледі, дене түршігіп, бас және бұлшық еттер ауырады, әлсіздік, көзі жасаурап, қызарады.

Аурудың қауіптілігі аурудан кейінгі асқыну жағдайлары. Сонымен қатар тұмау ауруы 2 жасқа дейінгі балалар, қарттар, созылмалы аурумен ауыратын науқастар арасында ауыр түрде өтеді. Ал екіқабат әйелдің тұмаумен ауруы өте қауіпті.

Тұмау ауруынан сақтанудың ең тиімді шараларының бірі- тұмау ауруына қарсы вакцина ектіру. Тұмаудың өріс алуы кезеңі алдында халықтың неғұрлым осал топтарына (60 жастан асқан адамдар, созылмалы өкпе, жүрек-қан

тамыры аурулары, иммундық жетіспеушілігі бар ересектер мен балалар, әлсіз және жиі ауыратын балалар, жүкті әйелдер) және медицина қызметкерлеріне тұмауға қарсы егу шарасы жүргізіледі. Тұмауға қарсы егілгендер арасында ауру жеңіл өтеді, асқыну мен өлім жітім жағдайлары азаяды.

Сонымен қатар науқас және оны қоршаған адамдар тұмаудың жұғу жолдарының ең қарапайым алдын алу шараларын білуі тиіс. Науқасқа күтім жүргізгенде масқа тағу, қолды жиі жуу, бөлек сүлгі пайдалауды қадағалаған жөн. Науқас жатқан бөлмені желдетіп, ылғалды тазалау жұмыстарын жүргізу маңызды.

Тұмаудың алдын алу үшін:
1.Ең тиімді, сенімді жол- тұмауға қарсы егілу (вакцинация);
2.Үйдің ауасын жиі желдету арқылы тазарту, бөлмелерді

дымқыл шүберекпен сүртіп тазарту;

3.Бөлмелерді қалыпты температуралық режимде ұстау;

4. Жеке бас тазалығын сақтау;

5.Қолды жиі жуу немесе бірреттік ылғалды қол орамал пайдалану немесе беторамалдарды жиі ауыстыру;

6. Дене шынықтыру, таза ауада көбірек болу;

7.Құнарлы және сапалы тамақтану;

8. Халықтың жиі шоғырланатын жерінде болуды шектеу.

Тұмаудың алғашқы белгілері пайда болған кезде өз бетіңізше ем жүргізбей, дәрігерге қаралу қажеттігін естен шығармаған жөн.

Саракүл ШҮКІРӘЛИЕВА,
Қазалы ауданының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспаханың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11107 дана.